

жоспарын талқылап, бекітуді ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің жалпы жоспарында жалпы мектеп оқушыларымен қамқорлық көрсете отырып, аз қамтылған жанұяларға да көмек көрсету, «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыруға ат салысу бөлімдерінен тұратындығын айта кетті. Өткен оқу жылындағы қамқоршылық кеңесі жұмысын талқылай келе, осы оқу жылындағы міндеттерді де айтты. Осы оқу жылында қамқоршылық кеңесі жұмысын жандандырып, ресми тіркеуден өту үшін бірігіп жұмыстануға шақырды.

2. ІІ мәселе бойынша Құрмантайқызы Рысгүл қамқоршылық кеңесі ережелерімен таныстырды. 2017 жылдың 27 шілдеде №355 бұйрығы бойынша қызмет етіп, жалпы ережелер мен заңдылықтарға бағынатындығын да айта кетті. Жалпы ережелер мен қамқоршылық кеңесінің төрайымын сайлау туралы айта келіп Т.Қаливаны төрайым етіп сайлау немесе бекіту туралы да айтты. Дегенмен барлық қамқоршылық кеңесі мүшелері бір ауыздан Т.Қалиева төрайымы болуын қолдады. Жаңа құрамы төмендегі тізімдегідей болып бекітілді.

Қалиева Т.- Қамқоршылық Кеңесі төрайымы,

Мүшелері: Кажигереева Марта, Құрмантайқызы Рысгүл, Куптлеуова Замира, Идрисова Райгул, Зекенова Бакытжамал, Жұманова Ляззат, Хабиденова Айгул, Дерсибова Кенжегуль,
Хатшы- Г.Даумова мектептің әлеуметтік педагогы

3. ІІІ мәселе бойынша Дербисова Кенжегуль сөз алды. Мектептегі мектеп жарғысыныда жазылған ережелермен және «Білім» заңында көрсетілген оқушыға қойылатын талаптарды сақтауды, яғни мектеп формасының сақталуын қолдайтындықтарын айтты. Оқушы үшін әрі қолайлы, ата-ана үшін артық шығынсыз, оқушыны мектеп жасынан мәдениеттілікке тәрбиелейді деп айта кетті. Мектеп формасының сақталуын қадағалау үшін қамқоршылық кеңесі мүшелері қажетті жағдайда мектепте оқушылардың мектеп формасын үнемі киіп жүруін кезекшілік ұйымдастырып, қадағалауға да қарсы емеспіз деді. Мектепшілік шараларда қажетті деңгейде өтуі үшін қамқоршылық кеңес қолда бар материалдық көмектерін аямаймыз деп те қолдай білдірді. Қалталы азаматтар немесе жүрегі жылы қолы ашық азаматтарды да қамқоршылық кеңесі арқылы айтып көмек керек болған жағдайда жиналып бірігіп шешім қабылдаймыз деп жатты.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Қалиева Т. (Қамқоршылық кеңес төрайымы) өз сөзінде, «Мектепке жол» акциясы шеңберінде барлық көмекке мұқтаж отбасыларды